

МКҚК №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы

**«Ақша үшін арыңды сатпа»
(фестиваль-ойын)**

2023 ЖЫЛ

«Ақша үшін арыңды сатпа!»

Тақырыбы: «Ақша үшін арыңды сатпа!»

Максаты: Тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі – теңгемен тереңірек таныстыру. Ақша айналымы тарихынан мағлұмат беру; ата-аналардың іскерлік, кәсіпкерлік, ақша туралы түсініктерін кеңейту, сөйлеу мәдениетін дамыту;

Әдісі: түсіндіру, сұрақ – жауап, ой қозғау, іздену, т. б.

Көрнекілігі: нақыл сөздер, сызбалар, слайдтар, т. б.

Техникалық құралы: мультимедиялық құрал

Барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

а) Психологиялық дайындық:

Күндей жадырап,

Айдай арайлап,

Жұлдыздай жарқырап,

Судай мөлдір таза көңілмен

Бүгінгі Фестиваль- ойынымызды бастайық.

ә) Тәрбиеші: рахмет, бүгінгі Фестиваль-ойынымызды ашық деп жариялап, жұмысымызды жалғастыру үшін өздерің айтқан «Күн, Ай, Жұлдыз, Су» атты 4 топқа топтасуларыңды сұраймын.

«Көңіл қойып тында, тез ойлан, қалып қойма» - деп, жұмбақпен бастамақшымын:

Әлемнің тынысы

Байлықтың белгісі

Ол не? -... (ақша, теңге)

Бүгін біз «Ақша үшін арыңды сатпа» атты оқыта – үйрету фестиваль ойынымызды өткіземіз. Барлығыңа сәттілік тілеймін.

Ойынның мақсаты: ойнай отырып, білімімізді тереңдету, өзінді - өзін тәрбиелеу.

Міндеті: 5 - 6 ата-анадан топтарға бөліну, ұжымда жұмыс жасай білу, өзінді және өзгені сыйлау, оның көзқарасымен санасу, белсенділік таныту, «бірі үшін бәрі, үшін бірі» қағиданы ұстану.

Шарты: тапсырманы орындау, сұрақтарға жауап беру – қор жинау, қиналса (көмек) – несие алу.

Нәтиже: ұлттық айрықша белгі - теңге туралы толық мағлұмат алу, білім қорын жинау.

II. Негізгі бөлім

Қазақстан – қарқындап дамып, біртіндеп байып келе жатқан тәуелсіз ел. Ал баю үшін ерінбей еңбектену қажет. Бір сәт өздерінді кәсіпкер, яғни бизнесмен және бизнесменмін деп елестетіндер. Өзін ұнатқан не жаңа бір істі ашып, айналыспақшысың. Саған не керек? -... Ақшаны қайдан аласың? -... Ал банк – мемлекеттік мекеме. Міне, ата-аналар, кәсіпкер мемлекеттің қолдауымен өседі, ал мемлекет кәсіпкерлердің арқасында өркендейді. Бүгін бізде мемлекеттік мекеме – халық банкінің қызметкері -.....

Дұрыс жауап үшін белгіленген банкноттардан алып отырасың. Қиналсаң, көмек алуға (басқаша айтқанда қарыз алуға) болады. Оны банк тілінде «несие» деп атайды. Егер несие алсаң, ойынның соңында сұраққа жауап беріп, алған несиеннен (қарызыңнан) құтылуға болады. Ойынымыз 6 бөлімнен тұрады. Әр ойыншының біліміне (берген дұрыс жауабына) банкноттар беріледі. Ойын соңында білімімен банкнотты көп жинаған ата-ананы және топты анықтаймыз.

Онда ойынымыздың **«Ақша туралы ой»** атты 1 - бөлімін бастайық. Бұл бөлімде дұрыс жауап берген ата-ана 200 теңгелік банкнотқа ие болып, 200 ұпай жинайды. Бұл бөлім 4-ке бөлінеді. Үлестірме қағаздарды тандап алайық (Үш сөз, 5 жолды өлең, жұмбақ, ертегі).

Ойын: **«Ақша туралы ой»**

Мақсаты: ата-аналардың шығармашылығын дамыту.

Шарты: ата-аналардың төрт түрлі шығармашылық тапсырманың біреуін (топ жетекшісі) таңдайды. Жауаптарын оқиды.

Тапсырма:

1. “Үш сөз” - Күн, ақша, көлік.
2. “5 жолды өлең” - Теңге.
3. “Жұмбақ” - Ақша.
4. “Ертегі” - Теңге.

Ақша дегеніміз не? -...

Тәрбиеші 200 теңге туралы толығырақ мағлұмат береді.

2 - бөліміне көшейік. Тарихқа шолу жасайық. Бұл бөлімде тапсырмаларды орындаған ата-ана 500 теңгелік банкнотқа ие болып, 500 ұпай жинайды.

Тапсырма: «Ақша тарихы»

Шарты: берілген қиындықтардан сөйлемдерді тауып, мағыналы мәтін құрастыру.

Тапсырма:

Слайдтармен жұмыс.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев Алматыда салынған ақша жасау фабрикасының салтанатты ашылу рәсімінде. 19 мамыр, 1995 жыл.

Тәрбиеші 500 теңге туралы толығырақ мағлұмат береді.

3 - бөлім: «Теңге әдебиетте».

Бұл бөлім 2 кезеннен тұрады. Мақал - мәтелдер айтып, мағынасын түсінеміз, теңге туралы өлеңдер оқимыз. Тапсырмаларды орындаған ата-аналар 1000 теңгелік банкнот алып, 1000 ұпайға ие болады.

«Буындарды жина» тапсырмасы.

Шарты: ата-аналар топта буындардан мақал - мәтел құрастырып, мағынасын түсіндіруі шарт.

Тапсырмасы:

1. Теңге тиыннан өсер,
Жылқы құлыннан өсер.

2. Ақша кетуге тырысады,
Есеп ұстауға тырысады.

3. Ақша болса – алақанда сорпа қайнайды.

4. Ақша ашпайтын құлып жоқ.

5. Ақшада көз жоқ.

6. Ар - намысы таза адамның ақшасы аз болады.

Өлең шумақтарын оқыту.

Теңге күнім - мерекем

Әр адамның жүрсінде қуаныш,

Таптырмайтын тіршілікте сұраныс.

Енді, ағайын өз теңгеміз болады,

Өз теңгемнен құралады үлкен іс.

Міне, бүгін теңге күнім – мерекем,

Қандай дұшпан «олай - бұлай» дер екен.

Осы теңге арқасында келешек,

Елге келер тойымшылық, берекем.

Теңгемнің беттерінде данышпандар,
Халқының қамын ойлап қамыққандар.
Әл - Фараби, Сүйінбай мен Құрманғазы,
Шоқан да теңгемізге бауыр басқан.

Алла берсін берекесін теңгемнің,
О, Жаратқан, қамын ойла пендеңнің.
Ел басшысы Назарбаев бастаған,
Тәуелсізбіз, Қазақ деген елденбіз.

Ақша - түлкі, аунауды ұнатады.
Ақша — түлкі, аунауды ұнатады.
Қанша аунаса,- соншама үн қатады.
Қарға аунаса,- құлпырып, қарға бұрып,
Құлын құны құнан боп қуантады.

Қолдан қолға жүгірсе, қылығы артып,
Биші қыздай маңғазсып шығар шалқып.
Тандайды ие қатты қол, күймес сандық,
Қалталыдан қалталы ырысы артық.

Несиені, қарызды жек көреді.
Өсім берсе,- етпеттеп еп көреді.
Құлағын да ұстатпай, бездіреді
Бауыр, жиен, нағашы, ет бөлені.

Ақша аунаса,- ақшалы жайнаң қағар.
Он саусағы майысып маймаң қағар.
Ақшаны да аунатар айдай жігіт,
Ақша аунатар ай жігіт қай маңда бар?
Тәрбиеші 1000 теңге туралы толығырақ мағлұмат береді.

4 - бөлім: «Ақша және психология»

Бұл бөлімде 2000 теңгелік банкнотқа ие болып, 2000 ұпай жинайсың.

«Қонакпен қарым - қатынас» ойыны.

Максаты: ата-аналарды қонақтармен тез тіл табыса білуге баулу.

Шарты: қонақтар мен ата-аналардың шартты белгілері ұқсас болса, тірек сөздерін алып, ақшаға байланысты болжамдарды құрастыруы керек.

Құрастыра алмаса, қонақтан көмек алуына болады.

Тапсырмасы:

1. «Қағаз купьюр мен металл тиындар (ақшалар) өздерін қадірлеп, қастерлеп, аялағанды жақсы көреді. Әдемі де сәнді әмиянда салынған ақша сол жерден шыққысы келмейді.
2. «Қолыңызға ақша тұрақтамаса, өзгеден емес, ақшаны қадірлей алмаған өзіңізден көріңіз»
3. «Қалтаңызда ақшаны умаждап, жыртып, майыстырып ұстамаңыз. Онда қаржыдан тапшылық көресіз. Және де ақша өзін үнемдеп, ұқыпты түрде ұқсатқанды ұнататын көрінеді.
4. Ал «ақша жоқ» деп жылай беретіндердің тиыны теңгені құрамай, қанша ақша тапса да құмға сіңген судай құри береді екен. Яғни, жоқ десең, жоғала береді.

Тәрбиеші 2000 теңге туралы толығырақ мағлұмат береді.

5 - бөлім: «Ақша – уақыт тынысы»

Бұл бөлімде өзінің бейнелеу шеберлігімен көзге түскендер 5000 теңгелік банкнотқа ие болып, 5000 ұпай жинайды.

Ой қозғау: ақша қандай қызмет атқарады?

Мақсаты: ата-аналардың бейнелі сөйлей білу қабілеттерін дамыту.

Шарты: топта ақшаның қызметтерін бір ақ қағаз бетіне суреттермен салуы тиіс.

Тапсырмасы: ақша – күн өлшемі, айналыс құралы, қазына, қор, төлем құралы.

Тәрбиеші 5000 теңге туралы толығырақ мағлұмат береді.



6 - бөлім: «Жүз сомның болғанша...»

Ережелерді айтқан ата-ана 10000 теңгелік банкнотқа ие болып, 10000 ұпай алады.

Ақшаның күші мен қасиетін білдіретін 7 ереже

Мал - баққанға, ақша – адалдан тапқанға бітеді.

Ақша туралы арам ой да - зиян.

Алаған қолым – береген. Үстемелеп берсеңіз, үстемелеп аласыз.

Қайырымдылықпен айналыссаңыз, шығынның қайтарымы мол болады.

Басы артық дүниеніңді басқаларға беріңіз. Алғысының күші ақша болып қайтады.

Жанашырлық жасағанды Жаратқан Ием жарылқайды. Біреуге міндетті түрде көмектесетін бол.

Өмірдегі басты парызың – қайырым, садақа. Оны ұмытсаң, өзің де ұмытыласың.

Тәрбиеші 10000 теңге туралы толығырақ мағлұмат береді.

Ұлттық Банктің мұражайы

Қазақстандық валютаны жасау тарихын болашақ ұрпаққа сақтап қалу мақсатында 1997 жылы 13 қарашада Ұлттық Банктің мұражайы ашылды.

Бүгінгі күні мұражайдың қоры 5 мың материалдық мәдениет заттарын жинастырған.

III. Қорытынды.

а) Несие алғандарға сұрақ қою.

ә) Ұпайларын санау, үздік топты, ойыншы - кәсіпкерді анықтау. Мадақтау.

«Тиыннан теңге кұралады», - демекші, ақшаны үнемді пайдаланып, ақшаның қызығына түсіп кетпей жан - жағымыздағы адамдарды ойлайық. «Ақша – уақыт тынысы», **бірақ ақшаға арынды сатпа**, ақшаны көріп жолдан тайып кетіп жүрме, 100 сомның болғанша, 100 досың болсын...